



Тұрмағанбетов Ерхан.  
1912 жылы Батпақара болысында №4 Елтай ауылында дүниеге келген. Аудан орталығындағы орталау мектептен оқып білім алған. 1932 жылы аудандық тұтыну одағы кооперациясына есепші болып жұмысқа орналасқан. Кейін білім бөлімі, промартель мекемелерінде есепші-бухгалтер болған. 1942 жылы 28- гвардиялық атты әскер полкінің құрамында Сталинград майданында соғысқа қатысады. Полк Котельников селосы тұсында жаппай

шабуылға шығып, жаудың шебін бұзып, Сталинград қаласынан 100 шақырымдай қашықтыққа дейін кейін шегіндіре білді. Осы ұрыста ауыр жараланып, госпитальде 5 ай жатып, 1943 жылы наурызда әскер қатарына жарамсыз деп танылып, елге оралады. Соғыстан кейін аудандық промартельде бас есепші, ауылшаруашылығы бөлімінде нұсқаушы-бухгалтер, білім бөлімінде бас есепші, райпотребсоюзда бухгалтердің көмекшісі болып қызметтер атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Соғыстағы ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. 1982 жылы қайтыс болған.